

XX ғасырдың 70-жылдары соңында Э.Фромм ақпараттық патшалықтың құрылу мүмкіншілігін айтқан. Ақпараттың өзі ақпараттық қысым мен зорлықтың құралы болады деп ойлаған. Ақпараттық құралдармен қаруланған жаңа саяси технологиялар адам ойын қалыптастырып, қоғам танымын басқара алған. Ақпараттық технология мүмкіншілігі арқылы барлық қоғамдық өмірді түбегейлі өзгертуге мүмкіншілік болған.

Адам ақпараттық кеңістікте өмір сүре алама? Қазірде бұл сұрақ жауабына яғни адам психикасына жаңа технологиялардың оңтайлы әсері бар деген сарында нақты зерттеулер көзқарастар жоқ, керісінше көптеген зерттеушілер көрсетуі бойынша компьютерлендіру адам табиғатына сіңісіп, адами сананы өзгертеді. Эмоционалды әлемнен бейхабар адамдар пайда болады. Бұларға баға берер болсақ олар компьютеризация кезеңінің балалары.

Соңғы жылдары ақпараттық қоғамға қатысты көптеген зерттеулер пайда болды, соның біріне тоқтала кетер болсақ, «ақпараттық қоғам адами табиғатты бұзып оның даралық жалпылығын шектеп адамды бұза алады» дегенге саяды [2].

Адамзат қоғамына ақпараттық түсінігі пайда болғаннан бері көптеген өзіне тән терминдері ұғымдары пайда болды, соның бірі виртуальды шынайылық. Виртуальды шынайылық (лат. *virtus* – ақиқат) — компьютерлік техниканың негізінде кеңістіктік-уақыттық континуумды адам тілектеріне сай өзгертіп, жаңа әлемді, жаңа шындықты – қолдан жасалған құрылымды қалыптастыру нәтижесі. Виртуальды шынайылық сөздің тар мағынасында “электронды көзәйнек” киіп алғаннан кейін пайда болатын ойындық немесе техникалық қажетті жасанды шындыққа жатады. Бұл

жағдайда сана компьютер құрастырған мүмкін әлемге енеді, онда виртуалды түрде көріне, сезіне және әрекет ете алады. Сөздің кең мағынасында виртуальды шынайылық – бұл сананың кез келген өзгертілген түрлері: жүйкелік шатасу, наркотиктік немесе шараптық масаңсу, гипноздық қалып, наркоз, ұзақ уақыт тар кеңістікте қалған адамдардағы психикалық өзгерістер (түрмедегілер, су асты кемелеріндегі т.б.). Виртуальды шынайылықта ұзақ болу дереализация эффектін тудырады. Былай айтқанда адам нақтылықпен шынайылықты ажыратудан қалады. Мұндай бұқаралық технологиялар адамды абсурд әлеміне тоғытады. Ол өзін қалайда болмасын екі әлемде сезінуі қажет содан келе тұлғалық «ыдырау» пайда болады.

Жалпылай алғанда тарихқа көз жүгірте қарар болсақ әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктері болды, мүмкін ол заман талабының заңдылығы болар. Мысалға алар болсақ аграрлық заманға дейінгі кезеңде адамзат соқа кетпен тағы басқа құралдар ойлап табуы жаңашылдық болды, ал индустриалды кезеңде адамзат жұмысты жеңілдетер, тауар өндіретін машина техникаларды ойлап тауып оған керемет жаңашылдықпен қарағаны сөзсіз, ал ақпараттық қоғамда адамзат «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызып» заманның қазіргі талабына сай жаңашылдығын күнделікті өмірге енгізді. Ал болашақта қандай жаңашылдық енгізері адамзаттың өзіне байланысты, сондықтан оғанда заман талабы деп қарайық.

1.Мудрик А.И. Информационное общества и его культура. – 2008. – 8 б.

2.Белл Д. Грядущее постиндустриальное общество – М., 1999. – 38 б.

3. Гуревич А. Культурология. – 2002. – 343-349 б.

*А.С. Байжуманова*

## ТҮЛҒАНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕСІ

Бүгінгі күні экологиялық мәдениеттің қалыптасу мәселесінің маңызы артуда. Бұл мәселенің аса мәнділігін әлемдік, халықаралық көлемде өтіп жатқан айтулы шаралар мен саяси, экономикалық, әлеуметтік бағдарда қабылданып жатқан құжаттар айғақтайды.

Ян Щепаньский ұрпақтан-ұрпаққа берілетін белгілі бір идеялар болатындығын және бұл идеялармен құндылықтар жүйесі байланысты

екендігін, олар өз кезегінде топтың және индивидтің іс – әрекеті мен мінез – құлқын анықтайтынын айтады. Барлық бұл жиынтықты мәдениет деп атайды.

Экологиялық мәдениеттің мемлекеттік деңгейде қалыптасуы қазіргі және келешек ұрпақтың өмір сүру ортасын қолайлы жасау негізінде мемлекеттік бағдарламамен, заңды нормалармен бағытталған, қоғамның барлық

таптарының қызығушылықтарына сәйкес іс-әрекет үдерісі ретінде көрініс табу керек. Экологиялық саясатты іске асырудың нормативті-заңды негізі болып шаруашылықтың нарықтық әдісіне сай келетін, бірақ өтпелі қоғам қиыншылықтарының әсерінен жеткіліксіз деңгейде іске асырылған ұзақ мерзімді «Қазақстан –2030» стратегиясы, «Экологиялық экспертиза туралы», «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңдар болып табылады. Сонымен бірге Қазақстан халықаралық деңгейде өзінің тұрақты даму және экологиялық қауіпсіздік идеяларын қолдайтынын қоршаған орта және даму жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы конференциясының құжаттарына қол қоя отырып (РИО – 92), «Европа үшін қоршаған орта» үдерісінің белсенді мүшесі бола отырып, климатты өзгерту бойынша халықаралық маңызды конвенцияларға қосыла отырып бірнеше мәрте дәлелдеді. Қазақстан Республикасында экологиялық қарама-қайшылықтың шешілуіне көп көңіл бөле бастады. БҰҰ-ның 1997-ші жылғы 23-ші маусымдағы Басты Ассамблеясының ХІХ арнайы сессиясындағы сөзінде елбасы әлемдік қауымдастықты күш біріктіре отырып, экологиялық мәселелерді, соның ішінде оның ойынша әлемдік маңызы бар Семей полигоны және Арал теңізі маңында қалыптасқан экологиялық мәселелерді шешуге шақырды. Бірақ халық табиғи ортаны қорғауда өзінің белсенді қатысуының қажет екендігін түсінбей, жұмсалған күш нәтиже әкелмейді.

Экологиялық мәдениет күрделі ұғым ретінде табиғатты танып білу, пайдалану және жаңарту іс-әрекет түрлерінің мәдениетімен байланысты. Ал жеке адамның экологиялық мәдениеті дегеніміз – табиғатты аялау, талабына сай келетін білімі, іскерлігі және дағдысы, оны жүзеге асыруы.

Экологиялық мәдениеттің қалыптасу үдерісінде қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекет және мемлекеттік саясат маңызды рөл ойнайды. Мемлекет экологиялық саясаттың субъекті ретінде қоршаған ортаны тиімді қорғауды қамтамасыз ету керек. Біздің ойымызша экологиялық саясат мемлекеттің қамқорлығымен жүзеге асырылу қажет. Біздің еліміздегі экологиялық тұрақтылықтың кепілі мемлекет болу тиіс.

Экологиялық мәдениетке әсер етудің екінші көзі – саясатпен тікелей байланысы бар идеология. Идеология экологиялық мәдениетті идеалдармен толықтырады, өркениеттің дамуының қазіргі кезеңінде экологиялық мәдениеттің қалыптасуына сөзсіз әсер ететін тұрақты даму идеясы белсенді түрде насихатталады. Тұрақты даму деп қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттілігін қанағаттандыру үшін табиғи – ресурстық потенциалды және қолайлы табиғи

ортаны сақтау мәселелерін шешумен байланысты әлеуметтік-экономикалық баланстылықты қамтамасыз ететін даму түсініледі. Сонымен, тұрақты даму концепциясының мәні тірі табиғатты қалпына келтіру мүмкіндіктерінің шектеулігін есепке ала отырып терең білімге және ғылыми болжамға негізделген кез-келген сыртқы өзгерістерде немесе сыртқы ортаның әсеріне қауіпсіздікке байланысты әлеуметтік – табиғи жүйені ұстап тұратын және оны тепе-теңдік қалпына келтіретін басыңқы бағдарды ұстану. Тұрақты даму концепциясының анализі көрсеткендей, тұрақты даму концепциясы құндылықтар шарттарының, негізгі принциптердің, талаптардың, шектеулердің, сонымен бірге қазіргі кездегі әлеуметтік-экологиялық жағдайдың негізгі өзгерістеріне қатысты нақты ұсыныстардың жиынтығын қамтиды. Сондықтан ол бір уақытта моральдық – адамгершіліктік императиві, өзінің практикалық шешілуін талап ететін болашақтың теоретикалық моделі болып табылады. Ол қалыптасқан әлеуметтік-экологиялық қарым-қатынастарды, құқықтар жүйесін, және сол қарым-қатынастар субъектілерінің жауапкершіліктері мен міндеттерін күшейтеді. Экологиялық мәдениеттің қалыптасуындағы құқықтың басты функциясы бұл – индивидтердің мінез-құлықтарындағы айырмашылықтарды ескеру. Құқық нормасын, мінез-құлық айырмашылықтарын анықтау құқықтық тәрбиелеу функциясын атқарады, адамдардың құқықтық санасын қалыптастырады. Мұндай құқықтық реттеушіліктің болуы мынадан көрініс табады, экологиялық мәдениеттің ішінде заңды немесе заңсыз болып анықталатын құндылықтар мен нормалар қалыптасады, құқық экологиялық мәдениетке қатысты превентивті функцияны атқарады, нормаларды бұзу қайсыбір санкцияларды болжайды, экологиялық құқық бұзушылықтың деңгейін төмендетуге көмектеседі.

«Қоғам – табиғат» жүйесін құндылықтармен және нормалармен қамтамасыз ететін тағы бір институт – ғылым. Ғылымның экологиялық мәдениетке әсерінің ерекшелігі, бұл институт іс-әрекет субъектілерін біліммен, жаңа технологиялармен, мәселелерді шешу жолдарымен қамтамасыз етеді. Адамдардың меңгерген ғылыми білімі маңызды элемент болады және олардың мәдениетінің бір бөлшегі болып есептеледі. Бұл жерде экологиялық тоқырауды өткеру үдерісінде, оған халықтың қатысуы мен белсенділіктің қалыптасуындағы ғылыми-техникалық прогрестің рөлін айта кету керек. Ғылыми-техникалық прогрестің қоршаған ортаға жалпы әр түрлі әсер ететіндігі белгілі және адам мен қоғамның табиғатқа деген қарым-қатынасының қалыптасуына да әр түрлі

әсер ететіндігі белгілі. Жалпы антикалық заманнан бері екі альтернативтік концепцияның, прогрессивистік және алармистік концепцияның дамуын көруге болады. Біріншісі ғылыми – техникалық прогресс адамзаттың дамуында сөзсіз игілік болып табылады дегенге негізделсе, алармистік концепцияның өкілдері ғылыми-техникалық прогресс табиғи қоршаған ортаға негативті әсер етеді деп есептейді, экологиялық тоқыраудан шығу мәселесіне қатысты негативті біржақты қарауда алармизм терең пессимизмге және үмітсіздікке әкелетінін айта кету керек. Қазіргі заманғы жасалған жағдайлардағы қоғам мен табиғат қарым-қатынасының анализі көрсеткендей, бір жағынан адамзаттың табиғатты қайта құрудағы іс-әрекетін тереңдетуде және кеңейтуде ғылыми-техникалық прогресс міндетті түрде қажет.

Ғылым адамзатты табиғаттан неғұрлым көп алуды, азық-түлікті мол өндіру үшін табиғатқа қалай әсер етуді, алыс қашықтықтағы жүкті қалай тез тасымалдауды, адамзаттың космосқа енуіне мүмкіндік жасаған күшті энергияның жаңа түрлерін қалай алуды үйреткенмен, табиғатты қорғауды қамтамасыз етуде әлі де жұмыс жасау керек.

Табиғатқа әсер етудің күшті құралдарын пайдалана отырып, біз әлі бұл құралдарды пайдаланудың салдарын біле бермейміз, біздің табиғи үдерістерге араласуымыздан туындайтын тізбектік реакцияны көре бермейміз [1].

Екінші жағынан, ғылыми-техникалық прогресті ары қарай жетілдіру қажет, оны дамыту экологиялық мәселелерді шешуде жаңа технологияларды жасауға әкеледі. Осыған байланысты американдық ғалым Б. Коммонер: экологиялық игілік біздің техникаға дейінгі кезеңге оралуымызды талап етпейді. Ондай нәтижеге экологиялық білімге негізделген қайта құрулар арқылы да жетуге болады дейді [2].

Қалыптасқан жағдайдан шығудың жолы ғылыми-техникалық прогреске өнегелілік талаптардың өсуі болып табылады. Атақты француз социологы Ж. Дорст өркениеттің деңгейі энерго қондырғылар шығаратын киловаттың мөлшерімен емес, ол сонымен қатар моральдық және рухани критерилермен өлшенеді, табиғаттың заңдылықтарымен толықтай үйлесімде бола отырып, өркениетті алға жылжытатын адамдардың даналығымен өлшенеді. Адам табиғаттың заңдылықтарынан асып ешқайда кете алмайды [3].

Жоғары айтылғандарға қарап, экологиялық мәдениетті құндылықтар және нормалармен бекітетін негізгі институт болып адамгершілік болып табылады деп ойлаймыз. Көптеген зерттеушілердің ойынша тұлғаның экологиялық мәдениетінің қалыптасуының негізінде бірінші

кезекте экологиялық мораль, адамгершілік, нақтырақ айтсақ «экологиялық этика» сияқты оның бөлінбес компоненттері жатады. Экологиялық мәдениеттің қалыптасу барысында тұлғаның адамгершіліктік құрылымдары үлкен рөл атқарады. Экологиялық мәдениеттің қалыптасуының адамгершіліктік аспекті табиғатқа деген қамқорлық, гумандық, саналылық қарым-қатынасты білдіреді. Адамгершілік принципі «Барлық өмір сақталуы тиіс» деген тезистен шығу керек. Р.И. Александрова мен А.В. Смольяновтың ойынша «өмірдің теңдігі» идеясы құлықты, адамгершілігі жоғары адамды барлық қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауды міндеттейді. Экологиялық этиканың негізгі мазмұны мынада: біріншіден, экологиялық этиканың басты алғышарты болып адамзаттың оны қоршаған тірі табиғатпен бірлігі табылады; екіншіден, экологиялық этика табиғатқа бағытталған кең мағынадағы барлық іс-әрекетке қатысты мінез-құлық мәселесін қарастырады; үшіншіден, экологиялық этика «экологиялық адам» моделін жасауға тырысады және ол бағынуы тиіс мінез-құлық кодексын ұсынады [4].

Қазіргі заманғы адамның оның табиғатпен қарым-қатынасын реттейтін экологиялық этикасы болу керек. Экологиялық адам бұл бәрінен бұрын мәдениетті адам. Экологиялық адам табиғатқа қамқорлықпен қарайды, экологиялық жағдайды және табиғат оның өмір қарекетінің негізі екенін түсінеді, экологиялық мәселелерді өзі үшін маңызды деп санайды.

Өзінің «Благоговение перед жизнью» атты еңбегінде А. Швейцер адамдардың табиғатты «қастерлеуі» қажет екендігін көрсете отырып, гуманистік этиканың табиғатқа деген дұрыс қарым-қатынаспен терең байланысын көрсетеді. Экологиялық этиканың негізінде табиғатта өмір сүретіннің барлығы үшін әрбір адамның шексіз жауапкершілігі жатыр. Швейцер бойынша: «бірде бір жәндікті өлтірмейтін, бірде бір гүлді жұлмайтын, кез-келген тіршілік иесіне көмектесуге қатысты өзінің ішкі жан-дүниесіне бағынатын адамды ғана өнегелі деп айтуға болады» [5].

Экологиялық этика әрбір адамның табиғаттағы барлық нәрсе үшін шексіз жауапкершілігін көрсетеді. Н. Ф. Тарасенконың ойынша мәдениет тек адамның еркіндігі мен әмбебептылығының ғана көрсеткіші емес, ол сонымен қатар оның әлем алдындағы жауапкершілігінің көрсеткіші болып табылады. Табиғатқа деген жауапкершілікті қарым-қатынас өздігінен қалыптаспайды, ол саналы түрде қалыптасуды талап етеді. Экологияландыру қоғамды сақтаудың шешуші де басыңқы жағдайы есептеледі. Н.Н. Моисеев адамдардың мінез-құлқындағы экологиялық императивтің қалыптасуын

карастырады, олардың белсенді іс-әрекетіндегі шектеулердің жиынтығын көрсетеді, оларды бұзу адамзатты апатқа әкелуі мүмкіндігін негіздейді. Оның ойынша экологиялық императивтің мәні мынада: «қоршаған ортаның кейбір көптеген қасиеттерінің болуында, оларды қандай жағдайда болмасын адамның іс-әрекеті арқылы өзгертуге болмайды» [6]. Моисеевтің идеялары адамгершілік, өнегелік императивінің таралу саласын кеңейтеді. Автор жақын арадағы он жылдықта адамгершілік, өнегелік императиві мәселесін сезіну өркениеттің маңызды сипаттарының бірі болып табылатынына, ХІХ ғасыр бу мен инженерлік ғылымдардың ғасыры болған сияқты, ХХІ ғасыр гуманитарлық білімнің ғасыры болатындығына сенімді. Әлеуметтік институттардың экологиялық мәдениеттің қалыптасуына әсері үлкен. Саясаттың, құқықтың, идеологияның, құлықтылықтың, өнердің құндылықтары мен нормалары «қоғам – адам» жүйесінде өзінің ерекше белгісін қалыптастырады және экологиялық мәдениеттің институционалдық аспектіні құрайды. Экологиялық мәдениеттің даму деңгейі қоғамның жетілгендігін көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Экологиялық мәдениеттің қалыптасуындағы әлеуметтік институттардың

біріге отырып жасалған іс-әрекеті қазіргі заманғы экологиялық тоқырауды өткерудің маңызды факторы, «адам – қоғам – табиғат» жүйесіндегі қарым-қатынастарды үйлесімді етудің құралы болып табылады.

1. Анучин В.А. Основы природопользования. – М, 1978, с.160.

2. Коммонер Б. Замыкающийся круг. Природа, человек, технология. Пер. С англ. – Л. Гидрометесиздат 1974, с. 224.

3. Дорст Ж. До того, как умрет природа. – М, 1968, с. 18 – 19.

4. Александрова Р. И., Смольянов А. В. Экология и мораль. – М, 1984, с.28.

5. Швейцер А. Культура и этика. – М, Прогресс, 1973, с. 307.

6. Моисеев Н. Н. Цивилизация на переломе. Пути России. – М. 1996, 62с.

\*\*\*

В статье рассматривается влияние социальных институтов на формирование экологической культуры личности.

\*\*\*

In article influence of social institutes on formation of economic culture of the person is considered.

### Б.С. Тулегенов

## ДУХ ТЕРРОРИЗМА, ИЛИ ВОЙНА, КОТОРОЙ НЕ БЫЛО (Ж. БОДРИЙЯР)

Французский философ Жан Бодрийяр на протяжении последних трех десятков лет своего творчества очень точно отслеживал вехи становления пространства и времени виртуальной реальности. Причем точкой отсчета к этим размышлениям становятся самые разноплановые события мировой истории. Бодрийяр, в частности, отмечает удивительную закономерность, впервые открытую еще Блаженным Августином и переосмысленную физикой ХХ века: окружающий нас мир совсем не так однозначен с точки зрения его пространственно-временных координат. Причем эти координаты парадоксальным образом становятся подвластными человеку. Современное общество потребления, – рассуждает Бодрийяр в одной из своих работ, – демонстрирует стремление человека к ускользающему (почти виртуальному!) идеалу – модному образцу-симулякру, производимому на свет союзом развитой системы кредитования и системы рекламы, опережающего время и пространство современ-

ности. Такое «полуестественное» существование общества потребления Бодрийяр связывает с идеей знакового символического обмена, свидетельствующего о дегуманизации культуры.

Такой символический обмен знаками имеет, по Бодрийяру всеобщий характер, и он сказывается, в частности, на незаметно произошедшей подмене идеологии современной войны. В этом плане интересна оценка философом первой иракской кампании («Буря в пустыне» начала 90-х годов ХХ века) в качестве «войны, которой не было», «мертвой войны». По его мнению, логика происшедших тогда событий не являлась ни логикой войны, ни логикой мира, это некая «виртуальная невероятность» военных действий. Таким образом, война в Ираке, явилась первой войной в истории, в которой виртуальное торжествует над реальным. События в многострадальных Югославии и Афганистане, последняя иракская кампания 2002-2003 гг. только подтверждают этот давний